

ДЕОБАНД ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТЫЛАТЫН ФИҚҺ ЕҢБЕКТЕРІ

¹Р.С. Мухитдинов, ²Е.Алпысбаев, ³Б.Абдилхаким, ⁴С.Окан

АҢДАТПА

Мақалада Деобанд білім ордасында оқытылатын фиқһ саласындағы кітаптарға талдау жасалады. Дәр әл-улумға тиесілі оқу орындарында фиқһ ғылымы сегіз жыл оқытылады. Фиқһ саласы бойынша оқулық ретінде таңдалған кітаптардың барлығы ханафи мәзһабында мойындалған, мәзһабты үйретуде басшылыққа алынатын еңбектер. Бұл еңбектер тек қана Деобанд оқу орындарында ғана емес, ханафи мәзһабын үйрететін Түркия, Орталық Азия елдері секілді басқа да елдердегі діни білім ошақтарында негізгі әдебиеттер саналады. Деобанд білім беру жүйесінде фиқһ ғылымын сатылай, деңгейлеп үйрету мақсатында ханафи мәзһабындағы кітаптардың көлеміне, қамтыған мәліметтеріне қарай таңдалған да. Алғашқы жылы «Нур әл-идах», екінші жылы «Мәсәил әл-Кудури», үшінші жылы «Шарх әл-уиқая», төртінші жылы «Кәнз әд-дақиқ», ал бесінші, алтыншы және жетінші жылдары Орта Азияда өте танымал, ханафи мәзһабында ерекше орны бар имам әл-Марғинанидің «әл-Һидая» кітабы толықтай оқытылады. Ал «тахассус» деп аталатын сегізінші жылы имам Ибн Абидиннің «Хашиясынан» жекелеген мәселелер таңдалып, сол тақырыптар төңірегінде зерттеулер жүргізіледі. Осы мақалада жоғарыда аталған фиқһ кітаптары туралы кең көлемді мәліметтер беріледі. Ол кітаптардың авторлары және авторларының ұстаздарының тізбегі беріліп, Қазақ елімен олардың байланыстары анықталады. Қазақстанның кітапхана және қолжазба қорларында олардың қаншалықты сақталғандығы туралы да мәліметтер қамтылады. Қорытындыда Деобанд оқу орындарында ханафи мәзһабын үйретуде басшылыққа алынатын еңбектердің ханафи мәзһабын үйрететін өзге елдердегі еңбектерден айырмашылығы жоқ екендігі айтылады.

Түйін сөздер: Деобанд, Дәр әл-улум, ханафи мәзһабы, фиқһ, білім беру, оқу жүйесі Үндістан, Қазақстан.

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ ҒК-нің қаржыландыру аясында әзірленді (Грант АР19174944 «Деобандия мектебінің діни-саяси идеологиясының Орта Азияға ықпалы»)

Книги по фикху, преподаваемые в школах Деобанда

Аннотация. В статье анализируются книги в области фикха, преподаваемые в Деобандском учебном заведении. В учебных заведениях Дар аль-Улум фикх преподается в течении восьми лет. Все книги, выбранные в качестве учебников в области фикха, являются произведениями, признанными ханафитским мазхабом, которыми руководствуются в учении мазхаба. Эти произведения считаются базовой литературой не только в деобандских учебных заведениях, но и в центрах религиозного образования других стран, например Турции и стран Средней Азии, где преподается ханафитская школа. В образовательной системе Деобанд книги ханафитской школы были отобраны на основе их объема и содержания, чтобы обучать науке фикх на поэтапной основе. В первый год преподается «Нур аль-Ида», во второй год «Масаил

^{1,2,3,4} Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:

Р.С. Мухитдинов,
mukhitdinov.rashid@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:

Мухитдинов Р.С.,
Алпысбаев Е.,
Абдилхаким Б., Окан С.
Деобанд оқу орында-
рында оқытылатын фиқһ
еңбектері // Адам әлемі.
– 2023. – № 3 (97).
– Б. 136-144.

аль-Кудури», в третий год «Шарх аль-Укайя», в четвертый год «Канз ад-Дакайк», а в пятый, шестой и седьмые года преподается полностью книга «Аль-Хидайя» имама Аль-Маргинани, который занимает особое место и очень популярен в ханафитской школе Средней Азии. А на восьмом году, который называется «тахассус», из книги «Хашия» имама Ибн Абидина выбираются некоторые вопросы и проводятся исследования по этим темам. В этой статье представлена обширная информация о вышеупомянутых книгах по фикху. Приводятся авторы этих книг и цепочка учителей авторов, определяются их связи с казахской страной. В библиотечных и рукописных фондах Казахстана содержатся сведения о том, как и насколько они сохранились. В заключении сказано, что работы по учению ханафитского мазхаба в учебных заведениях Деобанда ничем не отличаются от работ в других странах, обучающих ханафитскому мазхабу.

Ключевые слова: Деобанд, Дар аль-Улум, ханафитский мазхаб, фикх, образование, система образования Индии, Казахстан.

Fiqh Works Taught in Deoband Schools

Abstract. The article analyzes books in the field of fiqh (Islamic jurisprudence) taught in the Deoband schools. The subject of fiqh is taught for eight years in educational centers belonging to Dar al-Ulum Deoband. All the books selected as textbooks in the field of fiqh are works recognized by the Hanafi madhhab. These works are considered basic literature not only in Deoband educational institutions, but also in centers of religious education in other countries, such as Turkey and Central Asian countries, where the Hanafi school is taught. In the Deoband educational system, the books of the Hanafi school were selected based on their volume and content in order to teach fiqh on a step-by-step basis. In the first year "Nur al-Idah", in the second year "Masail al-Quduri", in the third year "Sharh al-Uqayya", in the fourth year "Kanz al-Daqaiq", and in the fifth, sixth and seventh years the book "Al-Hidaya" by Imam Al-Marginani, which is very popular in Central Asia, is taught in full. And in the eighth year, which is called "Tahassus", some issues are selected from Imam Ibn Abidin's "Hashiya" and researches are conducted on those topics. This article provides extensive information about the above-mentioned fiqh books. The names of those books and the chain of teachers of the authors are given, and their connections with the Kazakh country are determined. The library and manuscript funds of Kazakhstan also contain information about how much they are preserved. In conclusion, it is said that the works guided by the teaching of the Hanafi Madhhab in Deoband educational institutions are no different from the works in other countries that teach the Hanafi Madhhab.

Key words: Deoband, Dar al-Ulum, Hanafi Madhhab, Fiqh, Education, Education System, India, Kazakhstan.

Кіріспе

Деобанд білім ордасына тиесілі оқу орындарында оқытылатын ханафи мазхабының кітаптары, олардың авторлары туралы сипаттама жасау және талдау жасау арқылы Үнді түбегінде негіз қаланған Деобанд оқу орындарының фикһ ғылымын үйретуде басымдық беретін кітаптарды анықтай аламыз.

Ислам әлемінде Үнді түбегінің әл-Әзһары атанған Дәр әл-улум білім беру мекемесі бар. Бұл білім беру мекемесінің Үндістан және Пәкістанмен қатар әлемнің талай елдерінде филиалдары кең таралған. Бұл оқу орнын бітірген түлектер қазіргі уақытта өздерінің белсенділіктерімен де, артынан ерушілерінің көбеюімен де, ғылыми, діни еңбектерінің көптігімен де танымал болуда. Осы оқу орын тамамдаған немесе осы оқу орнының білім беру жүйесінің негізінде құрылған өзге елдердегі, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстандағы кей медреселердің түлектеріне, олардың ұстанымдарына қатысты қоғамда екі ұдайлы пікір қалыптаса

бастады. Бұл мақалада осы білім ордасының фикһ саласындағы басты еңбектері және фикһ ғылымына қосқан үлестері туралы талдау жасалады. Осы еңбектерге сипаттама және талдау жасау арқылы Деобанд білім беру жүйесінің фикһ саласындағы басты ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік аламыз.

Жалпы алғанда, Деобанд мектебі ханафи мазхабын ұстанатындығымен, соны үйрететіндігімен және соны елге тарататындығымен дүниежүзіне танылған. Бұл оқу орны басқа мұсылман елдеріндегі діни білім беру ошақтарының арасында консервативті ұстанымымен, классикалық мәтіндердегі пікірлерді берік ұстанатындықтарымен және қоғамда орын алып жатқан кей жаңашылықтарға сыни қарауларымен де мәшһүр болуда.

Қазақстанда да осы мектеп түлектерінің белгілі деңгейде ерушілері бар. Осы топтың Қазақстан үкіметінің діни саясатымен, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұстанымдарымен қаншалықты дәрежеде үндесетінін, үйлесетінін зерттеу, олардың іс-

әрекеттерін зерттеу, ғылыми бағасын беру бұл мақаланың маңыздылығын көрсетеді.

Ұсынылып отырған жұмыстың мақсаты Деобандтағы Дәр әл-улум оқу орнындағы фикһ ғылымын үйретуде пайдаланылатын еңбектерге талдау жасау, осы еңбектерді үйретуде қолданылатын ғылыми әдіс-тәсілдердің ерекшеліктерін, Деобанд мектебінің көзқарастарын өзге фикһ, оның ішінде ханафи мазһабы ғалымдарының көзқарастарымен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Бұл мақсатқа жету үшін *келесі міндеттерді* қойдық: Дәр әл-улум оқу орны мен оның филиалдарында оқытылатын негізгі ханафи фикһ кітаптарын анықтау; бұл еңбектердің фикһ ғылымы мен ханафи мазһабындағы маңыздылықтарын зерттеу; классикалық еңбектердің сипаттамасын жасау, авторларының беделін анықтау, олардың көзқарастарының маңыздылығын талдау, осы арқылы бұл білім ошағының ислам әлеміндегі, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанға ықпалына сараптама жүргізу.

Әдіснамасы

Бұл зерттеу нысаны білім ордасындағы оқытылатын кітаптарға қатысты болғандықтан, ол кітаптарға жеке-жеке сипаттама жасау, кітапқа қатысты ғалымдардың пікірлерін талдау, авторлары туралы мәліметтер беру, өзге оқу орындарымен салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеуде арабша келген кітап атауларына транслитерация жасалынды және жақшаның ішінде араб тіліндегі түснұсқасы жазылды.

Негізгі бөлім

Бұл мақаламызда 1867 жылы Үндістандағы Деобанд елді мекенінде негізі қаланған Дәр әл-улум университетінде ханафи мазһабы кітаптарын оқыту жүйесіне талдау жасаймыз.

Үнді түбегінде ислам дініндегі төрт мазһабтың екеуі: ханафи мен шафиғи мазһабтарының өкілдері басқаларға қарағанда басымырақ. Бірақ ханафилердің үлесі едәуір көп. Дәр әл-улум оқу орнының негізі қаланған уақыттан бастап ислам фикһын ханафи мазһабы бойынша үйретуді, пәтуа беруде осы

мазһабты басшылыққа алуды өздерінің ұстанымдары еткен. Тіпті Деобанд мектебі ханафи мазһабын үйретуші орталық ретінде әлемге танымал. Ханафи мазһабының кітаптары бұл білім ордасының оқу бағдарламасының барлық кезеңінде айқын көрінеді. Тіпті пәтуа беруді үйретуде де ең алдымен ханафи мазһабындағы негіз саналатын еңбектерді басшылыққа алу, қажетті мәліметтерді, пәтуаларды алдымен сол кітаптардан қарау басты талап. Мұның басты себебі Үнді түбегінде ислам шариғаты ең алдымен осы ханафи мазһабының негізінде тараған. Тек оңтүстігіндегі Үнді мұхиты жағалауындағы елді мекендерде шафиғи мазһабының өкілдері де баршылық. Оған Йемен мен Хижаздан келген саудагерлер мен ислам дінін таратушы дағуатшылар себеп болған. Ал орталық және солтүстік аймақтарда ханафи мазһабы кеңінен тараған. Бұл туралы тарихшы Абдулхай әл-Хасани былай деген: «Үнді халқы ертеден Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын. Тек Мидрас, Милибар және Кәукән елді мекендерінде діни білімнің қайнары мен бастауы Йемен мен Хижаздан келетін. Ал ол жақтағылар шафиғи мазһабын ұстанатын. Және олар осы күнге дейін сол мазһабтарында қалған. Ал мәликилер мен ханбалилерге келсек, жекелеген сауда немесе басқа да мақсатта келгендер болмаса, олардың Үнді жерінде жәдігері де, әсері де жоқ» [1, 102-104 бб.].

Үндістанда негізін қалаған ислам мемлекеттерінің дінін, мазһабын зерттесек, тарихшы Абдулхайдың бұл пікірінің растығына көз жеткізу қиынға соқпайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, Деобандта негізі қаланған Дәр әл-улум білім ордасы фикһ саласында ханафи мазһабын үйретуге басымдық береді. Дәр әл-улум оқу орны және оның барлық филалдарында фикһ ғылымы ханафи мазһабы бойынша сатылай, деңгейлей оқытылады. Енді осы фикһ ғылымын үйретуде оқулық ретінде таңдалған еңбектерге тоқталсақ.

Жалпы, Дәр әл-улумда фикһ ғылымын үйрету сегіз жылдан тұрады.

Алғышқы жылы ханафи мазһабында бастауыш еңбек саналатын «Нур әл-идах» кітабы оқытылады. Бұл кітаптың толық атауы: Нур әл-идах уә нәжату әл-әруах (نور الإيضاح ونجاة الأرواح), авторы: Әбу әл-Ихлас Хасан ибн Аммар ибн Али әл-Мысри әш-

Шурунбулэли (қ. 1069 һ.). Ол Мысырдың Мануфия елді мекеніндегі Шубра булулэ деген жерінде һижраның 994 жылы дүниеге келген. Алты жасқа толар шағында үлкен білім орталығынан сусындасын деген мақсатта әкесі Каир қаласына алып келген. Сол жерде ол Құранды толық жаттаған және діни ғылымдармен айналыса бастаған [2, 7 б.]. Жас кезінде заманында елге танымал шейх Мухаммад әл-Хэмауиден, Абдуррахман әл-Мусайриден, имам Абдуллаһ әт-Тахририден, Мухаммад әл-Мухиден, Али ибн әл-Ғаним әл-Мақдисиден тәлім алады. Фикһ ғылымындағы сәнады имам Абдуллаһ әт-Тахрири мен Мухаммад әл-Мухиге жалғасады [3, 38-39 бб.]. Одан кейін білім жолын әл-Әзһарда жалғастырып өз заманындағы шоқтығы биік ғалымдардың біріне айналады. Каир қаласында оқытушылықпен айналысып, кейін белгілі ғалымдарға айналған Ахмад әл-Ажами, Ахмад әл-Хамауи, шейх Шаһин әл-Әрмәнәуи, Исмағил ән-Нәбулси секілді шәкірттерге тәлім берді. Оның жоғарыда аталған еңбегінің шархы (түсіндірмесі) «Имдәд әл-Фаттах», мухтасары (ықшамдалған нұсқасы) «Марақи әл-фәлах» (مراقي الفلاح), Манзумату Ибн Уаһабанның шархы, Марақи әс-сағадат мин ғилмәй әт-таухид уа әл-ғибадат, «Дурар әл-хуккам» кітабының шархы Ғунияту зәуи әл-әхкам фи буғият Дурар әл-хуккам секілді еңбектері бар [2, 7-8 бб.].

Нур әл-Идах кітабы ханафи мәзһабының ғұламалары арасында ыстық ықыласпен қабыл алынып, оң бағаға ие болған. Мысалы, Абдулхай әл-Ләкнауи (қ. 1886) бұл кітап жайында былай дейді: «Ғалым Шурунбулалидің еңбектерінің ішінен Нур әл-Идах кітабын қарап, оқып шықтым. Фикһ саласында жазылған өте мықты кітап» [4, 7 б.]. Сонымен қатар ханафи мәзһабының көрнекті ғалымдары Ибн Абидин (қ. 1836) әйгілі «Раддул-мухтар» [5] атты еңбегінде және Зайнуддин Ибн Нұжайм «әл-Бахр әр-райқ» [6] атты еңбегінде «Нур әл-идах» кітабын жиі пайдаланып, аталмыш еңбектерінің бірнеше жерінде сілтеме береді.

«Нур әл-идах» кітабы фикһ ілімінің тек ғибадат тарауына қатысты фикһ бөлімдерін қамтуды көздеп жазылған. Шурунбулалі негізі бұл еңбекті өзіне айтылған өтініш бойынша, фикһты жаңадан үйренгісі келетін кісілерге арнап қарапайым үлгіде

жазған. Сонымен қатар ол бұл еңбегін әдетте көп томды шарх кітаптарда ғана кездесетін фикһтың маңызды мәселелерін созбай, қысқа да нұсқа, жинақы етіп, бір кітапта жинау мақсатында қолға алған [4, 5 б.].

Бұл кітап – Мысыр, Түркия, Пәкістан секілді ханафи мәзһабын ұстанатын елдердегі діни медреселерде алғашқы деңгей үшін оқулық ретінде таңдалған еңбектердің бірі.

Кейбір Деобанд мектептерінде бұл еңбектің орнына Дәр әл-улум оқу орнының оқытушысы Шафиқ ар-Рахман ән-Нәдуидің «Әл-Фикһ әл-муяссар» (الفقه المسير) атты кітабы оқытылады екен. Бұл кітап Дәр әл-улум оқу орнының бастауыш деңгейіндегі шәкірттеріне фикһ мәселелерін жаңа форматта және заманауи тілмен жеңіл түрде үйрету мақсатында әзірленген. Автор бұл кітапты әзірлеу барысында көптеген ерек-шелікке байланысты жоғарыда аталған «Нур әл-идах» кітабын басшылыққа алғандығын айтады. Ол аталмыш кітаптағы тақырыптарды оқушыларға ұсыну форматын өзгертіп, тілін жеңілдетіп, күрделі әрі бастауыш деңгейіндегі шәкірттердің жас ерекшеліктеріне сай келмейтін мәселелерді алып тастап, қажеттілікке байланысты бірнеше заманауи фикһ мәселелерін қосқан. Кітап тазалық, намаз, ораза, зекет және қажылық сияқты фикһ ілімінің тек ғибадат бөлімдерін ғана қамтиды [7].

Екінші жылы «Мухтасар әл-Қудури» (مختصر القدوري) кітабы оқытылады. Авторы: Ахмад ибн Мухаммад ибн Ахмад ибн Жағфар ибн Хамадан Әбу әл-Хусәйн әл-Қудури (қ. 428 һ.). Ол һижраның 362 жылы Бағдатта дүниеге келіп, һижраның 428 жылы сол қалада дүниеден өткен. Оның имам Әбу Ханифа мен имам Шафиғидің пікірлерін салыстыруға арналған жеті томдық үлкен зерттеу еңбегі де бар [8, 143 б.].

Мухтасар әл-Қудури – ханафи мәзһабындағы ең сенімді мәтін үлгісіндегі кітаптардың бірі. Бұл еңбекте фикһ іліміне қатысты 12 000 мәселенің шешімі қарастырылған. Аталмыш еңбек жүйелілігі, бай мазмұны және әдісінің тиімділігінің арқасында ханафи мәзһабының фикһ тарихында медреселерде оқытылатын негізгі оқулық әрі басты қайнаркөз ретінде танымал болған. Мысалы, Алауддин әс-Самарқанди (қ. 539 һ.) «Тухфатул-Фуқаһа»

атты еңбегін жазған уақытында «Мухтасар әл-Кудуриді» басты қайнар көз ретінде пайдаланған. Сондай-ақ Бурхануддин әл-Миргинанидің (қ. 593 h.) «әл-Һидая» атты еңбегінің негізгі қайнар көздерінің бірі де «Мухтасар әл-Кудури» болған. Аталмыш еңбек көптеген ханафи ғалымдардың қызығушылығын тудырып, бірнеше ғылыми зерттеудің объектісіне айналған. Соның айғақтарының бірі – бұл кітапқа қатысты қырықтан аса шарх/түсіндірме жазылған [9, 64-66 бб.].

Бұл еңбектің барлық мұсылман елінде ханафи мазһабын оқытуда негізгі оқулық ретінде қолданылатын кітап екенін атап өттік. Сонымен қатар Қазақстан және басқа да Орта Азия елдеріндегі медреселерде бұл мәтін кітап негізгі оқулық саналады. Данияр Тілеубергенов деген исламтанушы осы кітаптың алғашқы томын, яғни Дәрет және Намаз баптарын қазақ тіліне аударып, мәтінде келген тіркестердің мағыналарын ашу үшін ханафи мазһабының үлкен, негізгі деректерін сілтемеде қолданып жарыққа шығарды [10].

Егер алғашқы екі жылда оқытылатын фикһ кітаптарын ханафи мазһабындағы бастауыш деңгейге арналған кітап деп қарайтын болса, Деобанд оқу орындарында фикһ ғылымын сатылай, деңгейлей оқытуға мән бергендігін аңғарамыз. Ал үшінші және одан кейінгі жылдары оқытылатын кітаптар – фикһ саласындағы іргелі, ауқымды ғылыми талдауларын, өзге мазһабтармен салыстыра зерттеу жүргізілген еңбектер деп қарастыруға болады.

Үшінші жылы имам Әбу әл-Бәракат ән-Нәсәфидің «Кәһз әд-дақайқ» (کنز الدقائق) кітабы оқулық ретінде таңдалған. Бұл еңбек те – ханафи мазһабының басты дереккөздерінің бірі. Бұл еңбектің көптеген шархы бар. Әбу әл-Бәракат ән-Нәсәфидің толық есімі: Абдуллаһ ибн Ахмад ибн Махмуд Әбу әл-Бәракат Хафизуддин ән-Нәсәфи. Атақты «Тәж әларус» түсіндірме сөздігінің авторы лексикограф ғалым имам әз-Зәбиди Нәсәф елді мекені туралы төмендегідей мәлімет берген: «Мәуараннаһрда Әмудария мен Самарқанд арасында Бұхарадан жиырма фарсах жерде орналасқан жеке қала» [11, 403 б.]. Ислам әлемінде бұл қаладан шыққан ғалымдар мен қайраткерлер саны өте көп. Әбу әл-Бәракат ән-Нәсәфидің туылған жері мен жылы туралы ғалымдар

арасында бірнеше көзқарас бар. Имам ән-Нәсәфидің тәлім алған ұстаздарының арасынан үш ғалымның есімі жиі айтылады. Олар: 1) Шәмс әл-әһиммә Мухаммад ибн Абдуссаттар әл-Кәрдари (қ. 642 h.). Ол – Арал теңізінің жағалауында болған Кердері қаласының тумасы. Ол туралы жас ғалым Имаммади Түсіпхан зерттеу жасаған [12]; 2) Хумәйуддин әд-Дарир Али ибн Мухаммад әр-Раамиши әл-Бухари (қ. 666 h.). Әбу әл-Бәракат ән-Нәсәфи осы ұстазының жаназасын өзі шығарған және ол жаназаға елу мыңға тарта адам қатысқаны айтылады [13, 16 б.]; 3) Бәдруддин Хуаһарзада Мухаммад ибн Махмуд әл-Кәрдари (қ. 651 h.). Ол шейх Шәмс әл-әһиммә әл-Кәрдаридің жиені [13, 17 б.]. Осы үш ұстазының екеуі қазіргі Қазақстан территориясында орналасқан орта ғасырлық Кердері (Кәрдари) қаласына телінген. Яғни имам ән-Нәсәфидің атақты екі ұстазы қазақ елінен шыққан ғалымдар. «Әл-Фәуәйд әл-бәһия» кітабында имам ән-Нәсәфидің көптеген жыл білім берумен айналысқаны айтылған [14, 102 б.]. Оның фикһ саласының дамуына үлкен үлес қосқан атақты екі шәкірті бар. Олар: 1) Хусамуддин Сығанақи (қ. 711 немесе 714 h.). Хусамуддин ханафи мазһабындағы негізгі еңбектердің бірі «әл-Һидая» кітабының ең үлкен шархы «ән-Нияһның» авторы. Ол да – қазақ даласынан шыққан ғалым. Ол туралы «әл-Һидая» кітабына тоқталғанда тағы да айтамыз; 2) Музаффаруддин ибн әс-Сағати (651-694 h.). Оның «Мәжмағ әл-бахрайн» кітабы – ханафи мазһабында басшылыққа алынатын еңбектердің бірі.

Ханафи мазһабында жазылған еңбектердің арасынан осы кітап авторы мен ұстаздарының және шәкірттерінің қазақ елімен байланысты екенін көреміз. Бұл дегеніміз, XI-XII ғасырларда қазіргі Қазақстанның оңтүстік, орталық және батыс аймақтарында ханафи мазһабының кең жайылғандығына айғақ болады.

Имам ән-Нәсәфи фикһ саласында алдымен «әл-Уафи» деген кітабын жазады. Кейін осы кітабына өзі шарх (түсіндірме) жасап, оны «әл-Кәфи» деп атайды. Бұл еңбек – фикһ саласындағы ән-Нәсәфидің терең білімін көрсететін туынды. Оны фикһ саласында жалпы білім алушыларға немесе бастауыштарға емес, үлкен ғалымдарға арнап жазған [13, 34 б.]. Сосын осы кітабын ықшамдап, редакциялап «Кәһз әд-дақайқ» деген атпен шығарады.

Жалпы, «Кәңз әд-дақиқ» – тек қана ханафи ғалымдары тарапынан ғана емес, басқа мәзһаб өкілдері де тарапынан көп көңіл бөлінген еңбек. Оның ең үлкен дәлелі «Кәңз әд-дақиқ» кітабы төңірегінде шархы бар, мұхтасары бар, тағлиқы бар, хашиясы бар жүзден астам еңбек жарық көрген. Профессор Сәид Бәкдаш: «Кәңз әд-дақиқ» еңбегі төңірегінде жазылған 112 ғылыми жұмысты жинақтай алдым», – деген [13, 83 б.]. Ханафи мәзһабында «Кәңз әд-дақиқ» кітабының ең танымал шархтарының бірі – имам Фаруддин Осман ибн Али әз-Зәйлағидың (бұл атақты «Насб әр-рая» кітабының авторы Жамалуддин әз-Зәйлағи емес) «Тәбин әл-хақаиқ» кітабы. Ал деобандтық оқу орындарында Мухаммад Ануар әл-Бадақшанидің «Тәйсир әл-хақаиқ фи шарх Кәңз әд-дақиқ» (تيسير الحقائق في شرح كنز الدقائق) атты шарх (түсіндірме) кітабы оқытылады. Мухаммад Ануар әл-Бадақшани кітабының кіріспесінде: «Діни институттар мен ислами медреселерде бұрыннан ислам фикһ оқулығы ретінде имам ән-Нәсәфидің «Кәңз әд-дақиқ» кітабы оқытылады. Ұзақ жылдар бойы бұл кітап оқылды және оқытылды. Өлшемдер өзгеріп, пікірлер ауысып, адамдар ауырды тастап, жеңілге ұмтылғаннан кейін бұл кітапты шархтауды қаладым», – деген [15, 6 б.]. Сонымен қатар бұл еңбекті қазір Мысырда өмір сүретін сириялық ғалым шейх Абдуссалам Абдулһәди Шаннардың да ютубта шархтаған дәрістері бар [16]. Шейх Шаннар ханафи мәзһабының классикалық (турас және мәтін) еңбектерін заманауи әдіспен жеңілдетіп түсіндірумен айналысады және әлеуметтік желілерде, ютуб арнасында ол кісінің көптеген лекция дәрістері бар.

Қорыта айтқанда, орта ғасырларда жазылған классикалық «Кәңз әд-дақиқ» кітабы тек қана Деобандта ғана емес, ханафи мәзһабын үйрететін барлық оқу орындарында не оқулық ретінде таңдалады не қосымша дереккөз ретінде қарастырылады.

Деобанд оқу орындарының төртінші жылы фикһ саласында ханафи мәзһабының тағы бір іргелі еңбегі «Шарх әл-уикая» (شرح الوقاية) кітабы оқытылады. Негізі, «Шарх әл-уикая» кітабы – Бурн әш-шариғати Махмуд ибн Ахмад ибн Убайдуллаһ әл-Махбуби әл-Бухаридің

«Уикаяту әр-риуая фи мәсәил әл-һидая» атты мәтін кітабына жасалған шарх кітап. Оның өзі – имам әл-Марғинанидің «әл-һидая» еңбегінің ықшамдалған нұсқасы. Ол «әл-һидая» кітабында келген кей мәселелерді ықшамдап, дәлелдерін қысқартып, кей тұсын қосып, кей мәселені қосып, әл-Марғинанимен келіспейтін тұстарын ескертіп отырған [17, 4 б.].

Ал бесінші, алтыншы және жетінші жылы Деобанд оқу орындарында ханафи мәзһабындағы ең маңызды әрі Орта Азия мен Қазақстан медреселерінде оқытылған «әл-һидая шарх Бидәя әл-мубтади» (الهداية شرح بداية المبتدي) кітабы оқытылады. Басқа оқу орындарынан Деобанд оқу орындарының басты айырмашылықтарының бірі – «әл-һидая» кітабының барлық томы Деобанд оқу орындарында ғана толық оқытылады.

Бесінші жылы «Ғибадат» тарауы, алтыншы жылы «Ахуал шахсия» тарауы және жетінші жылы «Муғамалат» тарауы толықтай қамтылады.

Сондай-ақ «әл-һидая» кітабы – Түркия елінде дін қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін арттыратын әйгілі оқу орны Хасеки академиясында да фикһ саласы бойынша оқытылатын негізгі оқулықтардың бірі. Аталмыш оқу орнында «әл-һидая» кітабы бойынша фикһтың муғамалат бөлімі оқытылады [18].

Имам әл-Марғинанидің толық есімі: Бурһануддин Әбу әл-Хасан Али ибн Әбу Бәкр ибн Абдулжалил әл-Фарғани әл-Марғинани. Ол һижраның 511 жылы ражаб айының сегізі күні қазіргі Өзбекстанның Ферғанасындағы Марғинан елді мекенінде дүниеге келген және һижраның 593 жылы зул-хижжа айының он төртінде қайтыс болған, Самарқандта жерленген [19, 8 б.]. Имам әл-Марғинани өз заманындағы танымал ғалымдардан тәлім алған. Мысалы: Оман ән-Нәсәфи, Хусаммуддин Омар ибн Абдулазиз. Ол тек қана ханафи мәзһабының фақиһы ғана емес, мухаддис, муфассир көптеген ғылымды игерген ғалым болған. Оның «әл-һидая» еңбегі ханафи мәзһабының негізгі еңбегі бола тұра, шафиғи және мәлики мәзһабтарының көптеген көзқарастарын қамтыған және оларға түрлі талдаулар жасаған салыстырмалы фикһ еңбегі ретінде де саналады. Сондықтан әл-Марғинанидің бұл еңбегі ислам әлемінің көптеген фикһ

орталықтарында, кітапханаларында басты дереккөздердің қатарында қарастырылады.

«Әл-Һидая» – имам әл-Марғинанидің «Бидаяту әл-мубтади» кітабының шархы, яғни түсіндірмесі. Ол бұл еңбегін имам әл-Қудуридің «Мухтасары» мен имам Мухаммад әш-Шайбанидің «әл-Жамиғ әс-сағир» кітаптарын үлгіге ала отырып, бірінен үлкен, екіншісінен ықшамды екеуіндегі мәліметтерді қамтыған еңбек жазуды ниет еткендігін айтқан [19, 9 б.]. «Бидаяту әл-мубтади» кітабының тақырыптар мен тарауларын, имам Мухаммад ибн әл-Хасан әш-Шайбанидің «әл-Жамиғ әс-сағир» кітабын үлгіге алған. Имам әл-Марғинани алдымен бұл еңбегіне сексен томдық үлкен көлемді шарх, яғни түсіндірме жасайды және оны «Кифаяту әл-мунтаһа» деп атайды. Кейіннен бұл ауқымды еңбекте кей мәселе деп талқылануы, адамдар жалығып кетеді деп ойлағандықтан, оны ықшамдап, екінші рет қайта шархтайды және ол еңбегін «әл-Һидая» деп атайды [19, 9 б.].

Имам Мухаммад Абдулхай әл-Ләкнәуидің айтуынша, имам әл-Марғинани «әл-Һидая» еңбегін жазуға он үш жылын арнаған және бұл еңбекті ораза ұстап отырып жазған екен [19, 9-10 бб.]. Ислами білім беруде автордың кітабын автордың алдында отырып, оның өзіне оқып беріп, ижазасын алу дәстүрі бар. Осы дәстүрге сай имам әл-Марғинанидің бұл кітабын оған ең бірінші болып атақты имам Шамс әл-әиммә әл-Кәрдаридің оқып берген екен [19, 10 б.]. Яғни қазіргі Қазақстан даласынан шыққан имам Шамс әл-әиммә әл-Кәрдаридің бұл кітаптың бірінші ижазасын алушы деуге болады. Жалпы, Қазақ даласында орта ғасырларда тараған ең танымал фикһ кітабы ретінде имам әл-Қудуридің «Мухтасары» мен имам әл-Марғинанидің «әл-Һидаясын» бірінші атауға болады. Бұл да өз кезегінде біздің аймақта ханафи мәзһабының кең етек жайғандығының тағы бір дәлелі болады. Егер Деобанд оқу орындарында басқа ханафи кітаптарына қарағанда бұл кітаптың ұзақ әрі толықтай оқытылатындығына мән беретін болсақ, «әл-Һидаяның» тек Орталық Азия медреселерінде ғана емес, Үнді түбегіндегі ханафилардың да негізгі оқу құралы, фикһ саласындағы басты дереккөзі екендігіне көз жеткіземіз. Бұл өз кезегінде Орталық Азия мен Үнді

түбегіндегі ханафи фикһ дереккөздерінің ортақ екендігін аңғартады.

Деобанд оқу орындарында ары қарата білімін тереңдету мақсатында «Фикһ әт-тахассус» деп аталатын бір жылдық білім беру тағы бар. Бұл жылы фикһ саласы бойынша Ибн Абидиннің «Хашиясы» оқытылады. Ибн Абидиннің «Хашиясы» имам әт-Тимурташидің «Тәнуйр әл-әбсар» атты мәтін кітабына имам әл-Хаскафидің жасаған «әд-Дурр әл-мухтар» атты шархының, яғни түсіндірмесінің хашиясы, яғни сілтеме талдауы. Жалпы ислами білім беру жүйесінде танымал мәтін кітаптарына алдымен мәтіннің қысқа да нұсқа сөйлемдерін ашып, талдап түсіндіріп беретін шархтар жасалады. Кейіннен осы шархтарға арнайы талдаулар, ғалымдардың пікірлері, дәлелдердің дерек көздері, қосымша мәліметтер қамтылған «хашия» деп аталатын сілтеме талдаулар жасалады. Имам Ибн Абидиннің «Хашиясы» да осындай еңбектердің қатарына жатады. Бұл әлемнің көптеген елінде талай баспадан он шақты томмен шыққан фикһ саласының іргелі еңбегі саналады. Бір қызығы Қазақстан кітапханалары мен қолжазба қорларында және жекелеген адамдардың кітапханаларында ханафи мәзһабының ең көп кездесетін кітабы имам Ибн Абидиннің осы «Хашиясы» екен.

Ибн Абидиннің толық есімі: Мухаммад Әмин ибн Омар ибн Абулазиз әд-Димашқи (h. 1198-1252 қ.б.). Ол жастайынан білімге құмар болып өскен. Алғашқы білім жолын атақты қари шейх Сағид әл-Хамауиден Құранның тәжуидін үйренумен, одан кейін араб тілінің синтаксисі (наху), морфологиясы (сарф) және шафиғи фикһын үйренумен бастайды [20, 9 б.]. Одан кейін ұстазы Мухаммад Шәкир әс-Сәлими әл-Умари әл-Аққадтан хадис және тәпсір ғылымдарын үйренеді. Сосын одан ханафи кітаптарын оқып, имам Әбу Ханифа мәзһабына ауысып кетеді [20, 10 б.].

Деобанд оқу орындарында бұл еңбек алғашқы жеті жылдағы секілді ұстаз бен шәкірт арасындағы мудараса секілді, яғни ұстаздың алдына отырып еңбекті ұстаздың бақылауымен, түсіндіруімен, сұрақ-жауап әдісі арқылы толықтай оқылмайды екен. Тек осы еңбектің бұрынғы оқу жылдары қамтылмаған фикһ саласының кей тақырыптары зерттеуге, үйренушінің сол тақырып аясында осы еңбекті басшылыққа

ала отырып ізденіс жасауына тапсырма ретінде беріліп отырады.

Қорытынды

Деобанд оқу орындарында фиқһ саласы бойынша оқытылатын кітаптарға сипаттама, талдау жасадық. Осы оқулықтардан байқайтынымыз, ол оқу орындарында өзге ханафи елдеріндегі секілді ислам әлемінде ханафи мәзһабының басты дереккөздері саналатын еңбектердің үйретілетіндігін және олардың барлығы классикалық еңбек екендігі көрініп тұр. Бұл тұрғыдан келгенде, Деобанд оқу орындарында ханафи мәзһабы бұрмаланып не басқаша әдіспен оқытылады деуге негіз жоқ деп айтуға болады. Оның үстіне, Деобанд оқу орындарында оқытылатын фиқһ еңбектерінің барлығы Қазақстанның кітапханаларынан, қолжазба қорларынан табылуы кеңес үкіметіне дейін Қазақстан аумағындағы діни медреселерде фиқһ ғылымы да дәл сол еңбектердің негізінде оқытылғанын білдіреді. Ал кейбір ұлттық, аймақтық, саяси астары бар фиқһи мәселелерге келетін болсақ, оларды Деобанд білім беру жүйесіндегі фиқһ саласының басты ұстанымдары ретінде емес, сол ұлттық, аймақтық немесе саяси астарына қарай талдаған, түсіндірген дұрыс деп ойлаймыз және оның базалық білім берудің негізі ретінде қарастырмау керек деп топшаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 عبد الحي الحسني. تاريخ الفقه الإسلامي في الهند. دمشق: مجمع اللغة العربية. 1403هـ. ص: 570
- 2 أحمد الطحاوي. حاشية الطحاوي على مراقبي الفلاح. دمشق: دار قباء. 2015. ج. 1. ص: 584
- 3 محمد أمين بن فضل الله بن محب الدين بن محمد المحي الحموي. خلاصة الأثر في أعيان القرن الحادي عشر. بيروت: دارصادر. 700
- 4 حسن بن عمار الشرنبلالي. نورالإيضاح ونجاة الأرواح. المدينة المنورة: دارالسراج. 2007. ص: 346
- 5 ابن عابدين. رد الحنابلة على الدر المختار. بيروت، دار الفكر. ج. 1. ص: 628
- 6 ابن نجيم. البحر الرائق شرح كنز الدقائق. دار الكتاب الإسلامي. ج. 1. ص: 405
- 7 شفيق الرحمن الندوي. الفقه المبسر على مذهب الإمام الأعظم أبي حنيفة النعمان. زاهدان: دار الفاروق الأعظم. 2000. ص: 450
- 8 عبد القادر بن محمد بن نصرالله القرشي. الجواهر المضية في طبقات الحنفية. كراتشي: مير محمد كتب خانة. ج. 2، ص: 143
- 9 Ferhat K. İslam Ansiklopedisi. – Ankara, TDV, 2020. – 31 cilt. – 590 pp.

10 Ахмад ибн Мухамад әл-Кудури. Ғибадат тұтқасы Мұхтасар әл-Кудури. - Нұр-Сұлтан, ЖШС «Муфтият баспасы», 2021. – 241 б.

- 11 محمد بن محمد بن عبد الرزاق الحسيني الرّبيدي. تاج العروس من جواهر القاموس. دار الهداية. ج. 1. ص: 524
- 12 Имаммади Т. Кердерлік ханафи ғұлама. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 104 б.
- 13 أبو البركات النسفي. كنز الدقائق. المدينة المنورة. دار السراج. 2019. ص: 728
- 14 أبو الحسنات محمد عبد الحي للكنوي الهندي. الفوائد البهية في تراجم الحنفية. القاهرة: دار السعادة. 1987. ص: 250
- 15 محمد أنوار البديخشاني. تيسير الحقائق في شرح كنز الدقائق. بنوري، 2016. ص: 850
- 16 youtube.com/watch?v=binzuMuDvGQ&list=PLbxKklIq8ZhRvjiEL4Kxq3kviBcRjIbvQ
- 17 أبو الحسنات للكنوي. عمدة الرعاية على شرح الوقاية. عمان: مركز العلماء العالمي للدراسات وتقنية المعلومات. ج. 1. ص: 578
- 18 <https://istanbulihitias.diyenet.gov.tr/Sayfalar/ContentDetail.aspx?MenuCategory>
- 19 برهان الدين على بن أبي بكر المرغيناني. الهداية القاهرة: دار السلام. 2006. ج. 1. ص: 456
- 20 ابن عابدين. حاشية ابن عابدين. بيروت: دار المعرفة. ج. 1. ص: 628

Transliteration

- 1 Abdulhay al-Khasany. Tarikh al-fiqh al-islamiya fi Hind [History of Islamic jurisprudence in India]. – Dimashq, Majmag al-lugati al-arabyatiy, 1403 h. – S. 570. (in Arabic)
- 2 Akhmad at-Takhtawy. Khashiyatu at-Takhtawy ala maraqa al-falakh [Al-Tahtawi's footnote on the farmer's hypochondrium]. Juz I. – Dimashq, Dar Quba, 2015. – S. 584. (in Arabic)
- 3 Mukhammad Amin Fadlullah al-Khamawy. Khuslasatu al-asar fi agyian al-qarn al-kahdi al-ashar [A summary of the impact on notables of the eleventh century]. – Beirut, Dar sadir. – S. 700. (in Arabic)
- 4 Khasan ibn Ammar ash-Shurunbulaly. Nur al-idakh ua najatu al-aruakh [The light of clarification and lifesaving]. – Madina, Dar as-siraj, 2007. – S. 346. (in Arabic)
- 5 Ibn Abidin. Raddu al-Mukhtar ala ad-durri al-mukhtar [The Tatar replied to the Chosen One]. Jus 1. – Beirut, Dar al-fikr, 2000. – S. 628. (in Arabic)
- 6 Ibn Nujaim. Al-Bakhr ar-raiq [The magnificent sea explained the treasure of minutes]. Jus I. – Beirut, Dar al-kitab. – S. 405. (in Arabic)
- 7 Shafiqurrakhman an-Nadwy. Al-Fiqh al-muyassar ala mazhab al-imim al-agzam Abu Khanifa [Facilitated jurisprudence on the doctrine of the great Imam Abu Hanifa al-Numan]. – Zahidan, Dar al-fauq al-agzam, 2000. – S. 450. (in Arabic)
- 8 Abdulqadir ibn Mukhammad al-Qurashy. Al-Jauahir al-mudyia fi tabaqat al-khanafyia. – Karashi, Mir Mukhammad kutubkhana. – Juz 2. – S. 143. (in Arabic)
- 9 Ferhat K. İslam Ansiklopedisi. [Encyclopedia of Islam]. – Ankara, TDV., 2020. – 31 cilt. – S. 590. (in Turkish)
- 10 Akhmad ibn Mukhammadal-Qudury. Gibadat tutqasi Mukhtasar al-Qudury [The worship handle is

Mukhtasar Al-Quduri]. - Nur-Sultan, Muftiyat baspasi, 2021. - S. 241. (in Kaz)

11 Mukhammad ibn Mukhammad Abdurrazzaq az-Zubaidy. Taj al-arus min jauahir al-qamus [The bride's Crown is from the dictionary jewels. The gift House]. - Beirut, Dar al-hidaia. - Juz 1. - S. 524. (in Arabic)

12 Imammadin T. Kerderlik khanafy gulama [Hanafi Ulama of kerderlik]. - Almaty, Qazaq Ensiklopediyasi, 2015. - S. 104. (in Kaz)

13 Abu al-Barakat an-Nasafy. Kanz ad-daqaq [Treasure the minutes. The holy city]. - Madina nu-nauura, Dar as-siraj, 2019. - S. 728. (in Arabic)

14 Abu al-Khasanat Mukhammad Abdulkhay al-Laknauy. Al-Fauaid al-bahyia fi tarajum al-khanafyia [The benefits are great in tap translations]. - Qahira, Dar as-sagadat, 1987. - S. 250. (in Arabic)

15 Mukhammad Anuar al-Badakhshany. Tayseer

al-khaqayiq fi sharh Kanz ad-daqaq [Facilitate the facts in explaining the treasure of minutes]. - Binury, 2016. - S. 850. (in Arabic)

16 [youtube.com/watch?v=binzuMuDvGQ-&list=PLbxKkllq8ZhRvijEL4Kxq3kvIbcRjlbvQ](https://www.youtube.com/watch?v=binzuMuDvGQ-&list=PLbxKkllq8ZhRvijEL4Kxq3kvIbcRjlbvQ)

17 Abu al-Khasanat al-Laknauy. Umdat ar-rigayia ala sharh al-uyqayia [Mayor care on explaining prevention]. - Amman, Markaz al-ulama al-alamy lid-dirasat. - Juz 1. - S. 578. (in Arabic)

18 <https://istanbulihtisas.diyaret.gov.tr/Sayfalar/ContentDetail.aspx?MenuCategory>

19 Bukhanuddin Aly ibn Abu Bakr al-Marginani. Al-Hidayia [The gift]. - Qahira, Dar as-salam, 2006. - Juz 1. - S. 456. (in Arabic)

20 Ibn Abidin. Khashiyatu Ibn Abidin [The retinue of Ibn Abidin]. - Beirut, Dar al-magrifa, 2000. - Juz 1. - S. 628. (in Arabic)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Рашид Сражович Мухитдинов

доцент м.а., филология ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>

Ерғали Алпысбаев

PhD, Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: ergalialpysbay@gmail.com

Бурханадин Шарафутдинұлы Абдилхаким

PhD, Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: burhanhakim01@gmail.com

Самет Оқан

PhD, Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: samet_05@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7764-6577>

Рашид Сражович Мухитдинов

и.о. доцент, кандидат филологических наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>

Ерғали Алпысбаев

PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: ergalialpysbay@gmail.com

Бурханадин Шарафутдинұлы Абдилхаким

PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: burhanhakim01@gmail.com

Самет Оқан

PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: samet_05@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7764-6577>

Rashid Mukhitdinov

Acting Assistant Professor, Candidate of Philological Sciences, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>

Yergali Alpysbayev

PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: ergalialpysbay@gmail.com

Burkhanadin Abdilkhakim

PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: burhanhakim01@gmail.com

Okan Samet

PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: samet_05@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7764-6577>